

Білім беру гранты негізінде және
ақылы негізде оқуға қабылдау үшін
ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

1. Өтініш;
2. Жеке куәлік және 3 дана көшірмесі;
3. Аттестат или Диплом қосымшаларымен (түпнұсқалар және көшірме);
4. 075/у нысанындағы медициналық анықтамасының түпнұсқа және 1 дана көшірме;
флюорография суреті және 1 дана көшірме;
065/у нысаны (профилактикалық егу картасы) және 2 дана көшірме;
5. 6 фотосурет 3 x 4 см көлемінде;
6. ҰБТ сертификаты (қағазға шығарылған түрде);
7. Психометриялық емтихан нәтижелерінің ведомостынан көшірме (қағазға шығарылған түрде);
8. Білім беру грантын тағайындау туралы куәлігі (бар болған жағдайда);
9. **Ағылшын тілде оқытатын оқуға түсу үшін** баламалы ағылшын тілін меңгеру деңгейін растайтын IELTS 5.5 (Upper-Intermediate, B-2, TOEFL PBT – кемінде 453 балл, TOEFL ITP – кемінде 460 балл, TOEFL IBT – кемінде 46 балл) сертификат (бар болған жағдайда);
10. Басым құқығы мен квотаны растайтын құжаттар (**түпнұсқалар және көшірмелері**):

1) *Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар мынадай құжаттардың бірін ұсынады (тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерде ақпарат болмаған жағдайда):*

- ✓ *еңбек кітапшасы;*
- ✓ *жұмыс берушінің қолы қойылған, ұйымның мөрімен расталған қызметтік тізімі (қызметкердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);*
- ✓ *қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын архивтік анықтама;*
- ✓ *мерзімі және оны тоқтату негіздемесі көрсетілген жұмыс берушінің еңбек шарты;*
- ✓ *еңбек шартын жасау мен тоқтату негізінде еңбек қарым-қатынасының пайда болуы мен тоқтатылуын дәлелдейтін жұмыс берушінің актісінен үзінді;*
- ✓ *жұмысшыларға жалақы беру ведомосынан үзінді.*

2) *Тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған), орындаушылардың халықаралық және республикалық конкурстары мен спорттық жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) соңғы үш жылдағы дипломдарының электрондық көшірмелері, сондай-ақ өздері таңдаған мамандықтары олимпиаданың, конкурстың немесе спорттық жарыстың пәніне сәйкес келген жағдайда ағымдағы оқу жылының жалпы білім беретін пәндер бойынша Президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен*

марапатталған) жеңімпаздарының дипломдары.

3) Бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар, сонымен қатар бала кезінен мүгедектігі бар тұлғалар таңдалған білім беру бағдарламалары тобында оқуға қарсы көрсетілімдердің жоқтығы туралы медициналық қорытындыны ұсынады:

✓ **I или II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек-балалар (III топ) тобына қарамастан мүгедектігі туралы белгіленген үлгідегі анықтама;**

✓ Таңдаған мамандығы бойынша оқуға қарсы көрсетілімдердің жоқтығы туралы медициналық анықтама

4) **Төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалар тәрбиеленетін отбасы балаларына** берілетін квота бойынша құжаттарды тапсыру кезінде растаушы құжаттар ретінде мынадай құжаттар ұсынылады

✓ Барлық **кәмелетке толмаған** балалардың туу туралы куәліктері. Егер де отбасында 23 жасқа толмаған күндізгі бөлімде оқитын студент болса, ол кезде ол оқу орнынан **анықтама** болған жағдайда есепке алынады.

✓ Каспи банктің қосымшасынан алынған SOC-ID;

✓ Көп балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақыны алушының куәлігі (бар болған жағдайда).

5) 3 жылдан кем емес статусы бар **толық емес отбасылардан шыққан балаларға** берілетін квота бойынша құжаттарды тапсыру кезінде растайтын құжаттар ретінде мынадай құжаттар ұсынылады

✓ Талапкердің туу туралы куәлігі;

✓ Ата-анасының жеке куәлігінің көшірмесі (түпнұсқа салыстыру үшін);

✓ Ата-анасының біреуінің қайтыс болуы туралы куәлігі (**қайтыс болған күніне қарамастан**);

✓ Азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінен немесе халыққа қызмет көрсету орталығынан **азаматтың некеде үш жылдан кем емес** екендігі туралы анықтама

6) **Бала кезінен мүгедектігі бар балаларды, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды** тәрбиелеп отырған отбасылардағы балаларына берілетін квота бойынша құжаттарды тапсыру кезінде растаушы құжаттар ретінде мынадай құжаттар ұсынылады:

✓ Талапкердің туу туралы куәлігі;;

✓ Ата-анасының жеке куәлігінің көшірмесі (түпнұсқа салыстыру үшін);

✓ Мүгедек толық және толық емес аға-інілерінің туу туралы куәлігі.

11. Талапкердің туу туралы куәлігі (1 дана көшірмесі);

12. 18 толмаған тұлғалар үшін, ата-анасының немесе заңды өкілінің жеке куәлігі және 1 дана көшірмесі;

13. Құжат өткізген кезде, талапкердің өзі немесе ата-анасы болмаған жағдайда, заңды өкілге олардан нотариалды сенім хат (1 дана көшірме);

!!! HeRo Study Space университеттің ақпараттық жүйесіне келесі сілтеме бойынша <https://kaznmu.hero.study/> тіркелу керек, тіркелгеннен кейін талапкердің сауалнамасын толтыру қажет.

!!! Өзіңізбен бірге барлық құжаттардың электронды нұсқасы PDF форматта болуы керек .

Қабылдау комиссиясының мекен-жайы:: 050000, Алматы қ.,

Бөгенбай батыр көшесі, 151

Тел.: 8727-338-70-27 (ішкі: 7071, 7350)

Сізден нақты ақпаратты біздің сайттан қадағалап отыруды сұраймыз.